

Орал қаласындағы Жайық өзеніне салынатын көпір өткелінің құрылысын қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 наурыздағы N 72

Орал қаласындағы Жайық өзеніне салынатын көпір өткелінің құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында:

1. 1997 жылы көпір өткелінің құрылысына:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің - Республикалық жол қорынан - кемінде 200 млн. теңге;

Батыс Қазақстан облысы әкімінің - жергілікті бюджеттің есебінен - 60 млн. теңге қаражат бөлу туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. <*>

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі Орал қаласындағы Жайық өзеніне салынатын көпір өткелін 1997 жылы мемлекеттік сыртқы қарыз қаражаты есебіне қаржыландырылатын жобалардың тізбесіне енгізісін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ және 3-тармақтың 2 абзацы алынып тасталды -

ҚРҰ-нің 1997.04.28. N 117 өкімімен. R970117_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Сырттан қарыз алу жөніндегі комитет 1999 жылы аяқтайтын болып Жайық өзеніне салынатын көпір өткелінің құрылысын қаржыландыру үшін шетелден қарыз тарту жөнінде ұсыныс енгізісін.

Премьер-Министр